



## СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ



Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ университеті және Алматы қаласы бойынша ҚР сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агенттігі жоғары білім беру саласында сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметті жандандыруға бағытталған кешенді іс-шаралар жоспарына қол қойды.

Кешенді жоспар ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агенттігінің Алматы қаласы бойынша департаментінің басшысы Н. Сапаровтың төрағалығымен өткен диалогтық кездесу барысында талқылауға ұсынылып, оның жұмысына ректорлар қатысты: әл-Фараби атындағы ҚазҰУ – Ғ. Мұтанов, Абай атындағы ҚазҰПУ – Т. Балықбаев, ҚазҰПУ – Ғ. Алдамбергенова, АЭЖБУ – С. Сағынтаева және басқалары.

«Sanaly ugraq» жобалық кеңсесінің ұсынымын ескере отырып, кеңейтілген, егжей-тегжейлі жоспар әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры Ғ.М. Мұтанов пен ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агенттігінің Алматы қаласы бойынша департаментінің басшысы Н.М. Сапаров бекіткен болатын.

Жоспардың негізгі тармақтарының бірі – ISO 37001-16 «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесі» халықаралық сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартын әзірлеп және оны жұмысқа енгізу, сондай-ақ білім беру ұйымдарының қаражатты пайдалану жөніндегі есебін ашық жария ету.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайту мақсатында оның құрамына оқушыларды, студенттерді, ата-аналарды, демеушілерді, жұмыс берушілерді және үкіметтік емес және қоғамдық ұйымдардың өкілдерін міндетті түрде енгізе отырып, әдеп, академиялық адалдық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі тұрақты жұмыс істейтін комиссия (кеңес) құру ұсынылады.

Бұдан әрі студенттер арасында сыбайлас жемқорлық көріністерін болдырмау және академиялық адалдық қағидаттарын сақтау үшін әлеуметтік зерттеу (сауалнама) жүргізу қажет.

«Sanaly ugraq» жобалық кеңсесінің әдістемесі бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы тәуелсіз сараптаманы қатыстыру мүмкіндігімен сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жасау міндеті айтылды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы тәрбие және әлеуметтік жұмыс – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дағы жұмыстың маңызды бағыттарының бірі, оның мақсаты университетте сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және болдырмау болып табылады. Еліміздің жетекші жоғары оқу орнында сыбайлас жемқорлық көріністерінің алдын алу, профилактикасы және тәуекелдерін төмендету бойынша жүйелі жұмыс жүргізілуде. «Сыбайлас жемқорлықтан тыс университет» жобасы іске асырылуда, оның шеңберінде қызметтің барлық бағыттары бойынша ашықтықты және бақылауды қамтамасыз ету бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы технологиялар кешені енгізілуде.

Бұдан басқа, жаңа оқу жылынан бастап енгізілетін бірқатар нормативтік құжаттар әзірленді – бұл «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты»; «Сыйлықтар мен өкілдік шығыстар туралы ереже»; «Мүдделер қақтығысын шешу саясаты»; «Еңбек шартына және білім беру қызметтері туралы шартқа сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатын сақтау туралы қосымша келісім». Алқалы органдар мүшелерінің қағидаттары мен жауапкершілігін және сыбайлас жемқорлыққа қарсы тәуелсіз сараптама мен құқық қолданудың қоғамдық мониторингі рәсімін көздейтін «Корпоративтік басқару кодексін» енгізуге дайындалуда. Қазіргі уақытта ISO37001-МСПК енгізуге дайындық жүргізілуде.

Өз тілшімізден

## Әл-Фарабидің әлем өркениетіне ықпалы

Жуырда Алматы қаласы Қоғамдық даму басқармасының қолдауымен «Мәңгілік Қазақстан» қоғамдық қоры және әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің философия кафедрасында ұлы ойшыл Әбу Насыр әл-Фарабидің 1150 жылдығына арналған «Ұлы ғұлама әл-Фарабидің әлем өркениетіне ықпалы» атты халықаралық онлайн конференция өтті. Іс-шараға отандық және шетелдік ғалымдар, зерттеушілер қатысты

Шараға ҚазҰУ-дың философия кафедрасының меңгерушісі, философия ғылымының кандидаты Әсет Құранбек пен ғылыми қызметкер, PhD Мұхит Төлегенов модераторлық етті.

Алғашқы сөзді «Мәңгілік Қазақстан» қорының директоры Бейбіт Нәлібаев ашып, спикерлерге сөз берді. Алғашқы баяндамалар қатарында философия кафедрасының профессоры, әл-Фараби ғылыми-зерттеу орталығының кеңесшісі Жақыпбек Алтаев, Ыстамбұл университеті Әл-Фараби Еуразиялық ғылыми-зерттеу орталығының директоры, профессор Абдулла Қызылжық (Түркия), Францияның құрметті профессоры, Қазақстан Президенті Бейбітшілік және келісім сыйлығының иегері, Әл-Фарабидің алтын медалі иегері Альберт Фишлер (Франция), Бурса Улудаг университеті Теология факультетінің профессоры Яшар Айдынлы (Түркия), Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетінің профессоры Досай Кенжетай, жазушы, журналист, сценарист, «Дарын» сыйлығының иегері Дидар Амантай және есімі елге және шет елге танымал ғалымдар қатысқан онлайн конференция әл-Фараби әлемін тануға тағы бір жарқын жол ашты.

Жалғасы 3-бетте

## ЗЕЛЕНЫЙ МОСТ ЧЕРЕЗ ПОКОЛЕНИЯ

Преподаватели кафедры ЮНЕСКО по устойчивому развитию КазНУ им. аль-Фараби приняли активное участие в работе Международной научно-практической конференции «Социальное партнерство в области охраны окружающей среды и «зеленого» роста», которая прошла в онлайн-формате.

В работе конференции участвовали также представители министерств экологии геологии и природных ресурсов Республики Казахстан, образования и науки РК, кластерного бюро ЮНЕСКО по Казахстану, Кыргызстану, Таджикистану и Узбекистану, ученые и студенты ВУЗов России и Центральной Азии (Казахстана, Киргизии и др.), представители общественных организаций и духовенства и др.

Большой интерес участников пленарного заседания вызвал содержательный, насыщенный актуальной и полезной информацией доклад заведующей кафедрой ЮНЕСКО по устойчивому развитию Т.А. Базарбаевой на тему «Реализация международного проекта «Зеленый мост через поколения»».

Продолжение на 2 стр.



**РЕКТОРАТ**

**Білім беру саласы қызметкерлерінің алдына қойып отырған міндеттердің бірі – оқу үдерісін үнемі жетілдіріп отыру мен қазіргі заманғы технологияларды меңгеруді қажет етеді. Осы тұрғыда кезекті ректорат жиыны бір ай көлеміндегі оқу үдерісі мониторингісінің нәтижелерін талқылаудан басталды.**



«Бүгінгі таңда университет қашықтықтан білім беру жүйесінде «Универ 2.0», «Moodle», «Zoom», «Microsoft Teams» және басқа да ақпараттық білім беру платформаларын пайдалануда. «Универ 2.0» ҚазҰУ-дың инновациялық әзірлемесі болып табылады. Бағдарламалық кешен пәндердің курстары мен оқу-әдістемелік кешендерінің базасын қалыптастыру, жеке немесе топтық дәрістер өткізу, тапсырмалар беру, студенттерге олардың орындалуын қадағалау, курсты меңгеру дәрежесін бағалау сынды басқа да мүмкіндіктер беріп отыр. Осы ретте жағдаяттық басқару орталығы сабақ кестелері бойынша аталған платформаларда өткен оқу үдерісіне бақылау жасады. Нәтижесінде жағдаяттық басқару орталығы факультет декандары мен кафедра меңгерушілеріне ағымдағы жылдың 14 қазанына дейін ПОӘК оқытушыларының UNIVER жүйесіне жүктелуін қамтамасыз етуді, 20 қазанға дейін ақпараттық технологиялар және инновациялық даму институты мен жаңа білім беру технологиялары институтының тест сынақтарын өткізу үшін Midterm тапсырмаларын «Univer» және «Moodle» жүйелеріне жүктеуді қамтамасыз ету тапсырылды. Одан бөлек ақпараттық технологиялар және инновациялық даму институты алдағы Midterm аралық емтихандарына серверлік жүйелер инфрақұрылымын дайындау, 9 қарашаға дейін тестілік сынақтар өткізу және онлайн-прокторинг сервисін пайдалану бойынша қызметтерді әзірлеу, Univer және Moodle жүйелерінде оқу-әдістемелік есептіліктің қайталануын болдырмау, Power BI аналитикалық жүйесіне деректердің интеграциялануын

қамтамасыз ету қаулысы тапсырылды», – деді жағдаяттық басқару орталығы директорының орынбасары Ернар Оңалбеков. Бұдан бөлек онлайн-жиын аясында 2020-2021 оқу жылына арналған кафедралардың және факультеттердің ескертулері мен ұсыныстары негізіндегі индикативті көрсеткіштердің жоспарлық мәндері туралы стратегиялық даму орталығының директоры Гүлшат Минажеваның хабарламасы тыңдалып, мәжіліс барысында басқа да әртүрлі мәселелер кеңінен талқыға түсті.

**Айнұр АҚЫНБАЕВА**

**ЗЕЛЕНЫЙ МОСТ  
ЧЕРЕЗ ПОКОЛЕНИЯ**

Продолжение. Начало на 1 стр.

В ходе секционных заседаний результатами научной работы поделились в своих докладах Г.Б. Танабекова, Р.В. Яценко на тему «Hyponomeuta malinellus Zell. как вредитель яблони Сиверса (Malus sieversii) в Заилийском и Жонгарском Алатау»; Г.А. Садырова, Т.А. Базарбаева, А.А. Омаргазиева – «Биоразнообразие урбанofлоры города Алматы»; Т.А. Базарбаева, Г.А. Муканова, А.А. Ошакбай на тему «Изменение климата на планете и его последствия на человечество».

Работа конференции проходила по следующим направлениям: животный и растительный мир, сохранение среды обитания; изменение климата; роль духовенства в деле сохранения экологии; молодежные инициативы в сфере экологии и зеленого роста.

Организаторами конференции выступили: Кокшетауский университет им. Шокана Уалиханова, Общественная экологическая приемная депутата Государственной Думы Российской Федерации А.Е. Карпова, Тюменский индустриальный университет, Государственный национальный природный парк «Бурабай», Управление делами президента Республики Казахстан, Общественное объединение «Экологический центр «Эко-Кокше».

**Соб. корп.**

**СТАЖИРОВКА В UNIVERSITY  
OF ILLINOIS AT CHICAGO**

**Международная академическая мобильность – одно из важных направлений деятельности КазНУ им. аль-Фараби, благодаря активному развитию которого преподаватели, докторанты и магистранты проходят стажировку в престижных вузах мира, таких как Университет Иллинойса в Чикаго, получая ценные знания и опыт.**

О динамичном и качественном развитии академической мобильности в ведущем университете страны говорит тот факт, что ежегодно для обучения и прохождения языковой, а также научной стажировки в зарубежных учреждениях образования и науки направляются свыше 2000 обучающихся КазНУ. Университет организует зарубежные командировки более 600 ППС и административных сотрудников вуза для участия в международных конференциях, встречах по приглашениям зарубежных вузов и организаций в страны СНГ, Европы, Северной и Южной Америки, Ближнего Востока и Азии.

В рамках программы академической мобильности докторант факультета биологии и биотехнологии, кафедры биоразнообразия и биоресурсов КазНУ им. аль-Фараби Туленды Нуркенов (научный руководитель – д.б.н., профессор Шалахметова Тамара Минажевна) принял участие в конкурсе грантовых программ и получил прекрасную возможность пройти годовую стажировку в одном из ведущих мировых образовательных и исследовательских центров, Университете Иллинойса в Чикаго (University of Illinois at Chicago), США, являющегося одним из

мировых лидеров в области биомедицинских и медицинских исследований.

Стажировка проходила в лаборатории под руководством доктора J. Lee в Департаменте биоинженерии, который силен в области клеточной, тканевой, нейронной инженерии, биоинформатики, биомедицинской визуализации, биомеханики и биомолекулярной инженерии. Лаборатория входит в состав Колледжа инженерии и медицины, являясь одной из крупнейших и ведущих медицинских школ страны.

Стажировка в одном из ведущих университетов позволила докторанту значительно расширить научный горизонт, освоить целый ряд новых исследовательских методик и навыков, дала возможность поработать в коллективе известных ученых на уникальном оборудовании с различными объектами и дизайном исследований. Также в целом позволила расширить познания и научный кругозор, приобрести и улучшить как теоретические, так и практические навыки, а пребывание в языковой среде, общение с носителями языка, с исследователями из разных стран дало возможность улучшить языковые навыки.

**Соб. корп.**

**KAZNU.KZ**

**Жырыда Алматы қаласы Қоғамдық даму басқармасының қолдауымен «Мәңгілік Қазақстан» қоғамдық қоры және әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ұлттық университетінің философия кафедрасы uly oishyl Абы Насыр Әл-Фарабидің 1150 жылдығына арналған «Ұлы ғұлама Әл-Фарабидің әлем өркенетіне ықпалы» атты халықаралық онлайн конференция өтті. Іс-шараға отандық және шетелдік ғалымдар, зерттеушілер қатысты.**

Шараға ҚазҰУ-дың философия кафедрасының меңгерушісі, философия ғылымның кандидаты Асет Құранбек пен ғылыми қызметкер, PhD Муһит Төлегенов модераторлық етті.

Алғашқы сөзді «Мәңгілік Қазақстан» қорының директоры Беріт Нәлібаев ашып, спикерлерге сөз берді. Алғашқы бағандар қатарында философия кафедрасының професоры, әл-Фараби ғылыми-зерттеу орталығының кеңесшісі Жақыпбек Алтаев, Ystambul университеті Әл-Фараби Ейразиялық ғылыми-зерттеу орталығының директоры, професор Абдылла Қызылжық (Түркия), Франсияның құрметті професоры, Қазақстан Президенті Берітшілік және келісім сыйлығының иегері, Әл-Фарабидің алтын медалі иегері Albert Fishler (Франсия), Бұрса Ыдығ ғылым институты Теология факультетінің професоры Іашар Айднылы (Түркия), Аһмет Іасаы атындағы халықаралық қазақ-түрік университетінің професоры Досаи Кенжетай, жазышы, журналист, сценарист, "Daryn" сыйлығының иегері Дидар Амантай және есімі елге және шет елге танымал ғалымдар қатысқан онлайн конференция әл-Фараби әлемін тануға тағы бір жақын жол ашты.

\*\*\*

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың тұрақты дамуы бойынша ІҮНЕСКО кафедрасының оқытушы-профессорлық құрамы онлайн өткен «Қоршаған ортаны қорғау және «жасыл даму» саласындағы әлеуметтік серіктестік» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияға қатысты.**

Конференцияға Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі, QR Білім және ғылым министрлігі, ІҮНЕСКО-ның Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан және Өзбекстан бойынша кластерлік бюросы, Ресей Федерациясы Мемлекеттік Дымасының депұтаты А. Карповтың қоғамдық қаблдау бөлімі және басқалары қатысты.

Пленарлық отырыста тұрақты даму бойынша ІҮНЕСКО кафедрасының меңгерушісі Т.А. Базарбаева «Jasyl көпір ұрпақтан-ұрпаққа» серпінді жобасын іске асыруға тақырыбында бағандамасы жасады.

Сексiалық жиындарда оқытушы-профессорлық құрам Г.Танабекова, Р.Іашенко «Hyponomeuta malinellus Zell. Іле мен Жоңғар Алатауындағы Sivers alma ағашының (Malus sieversii) зiанкесi ретiнде» тақырыбында, Г. Садырова, Т. Базарбаева, А. Омаргазиева «Алматы қаласының қалалық флорасының биоәлiантiрлiлiгi» тақырыбында бағандамасы жасады.

Sharany Shoqan Yalhanov атындағы Көкшетау университеті, Ресей Федерациясы Мемлекеттік Дымасының депұтаты А.Е. Карповтың қоғамдық экологиялық қаблдауы, Түмен индустриалды университеті, Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы «Bұрабаи» мемлекеттік ұлттық табиғи паркі, «Eko-Kökshe» экологиялық орталығы» қоғамдық бирлестігі ұымдастырушылық етті.

\*\*\*

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ қызметінің маңызды бағыттарының бірі халықаралық академиялық ұтқырлық бағдарламасы. Оның белсенді дамуының арқасында оқытушылар, докторанттар мен магистранттар Чикагодағы Іllinois университеті сияқты әлемнің беделді жоғары оқу орындарында тағлымдамандан отып, қунды білім мен тәжірибе жинақтауда.**

Elimizдің jetekshi университетінде академиялық ұтқырлықтың серпінді және сапалы дамуы тыралы жыл сайын шетелдік білім және ғылым мекемелеріне 2000-нан астам ҚазҰУ-дың білім алышылары тіл үрену және ғылыми тағлымдамандан оту үшін жіберіледі. Yниверситет TMD, Eуропа, Soltüstik және Oñtüstik Америка, Tаiaы Шығыс және Azia elderine шетелдік жоғары оқу орындары мен ұымдардың шақыруы бойынша халықаралық конференцияларға, kezdesyлерге қатысу үшін JOO-ның 600-ден астам OPQ мен әкімшілік қызметкерлерінің шетелдік issaparларын ұымдастырады.

Aкадемиялық ұтқырлық бағдарламасы аясында ҚазҰУ-дың биология және biotехнология fakültетінің, bioәлiантiрлiлiк және bioресурстар кафедрасының докторанты Tүленді Nыркенov (ғылыми jetekshisi - Shalahmetova Tamara Minajevna - б.ғ. д., професор) grantтық бағдарламалар konkұrsына қатысып, biomedisinalық және medisinalық zertteулер саласындағы әлемдік köshbasshylардың бірі болып табылатын AQSH-тың Chikagodaғы Іllinois университетінде (University of Illinois at Chicago) bir жылдық тағлымдамандан отыға tamasha мүмкіндік алды.

# ӘЛ-ФАРАБИДІҢ ӘЛЕМ ӨРКЕНИЕТІНЕ ЫҚПАЛЫ



1150 JYL


Al-Farabidin mereitoy



**Абдулла ҚЫЗЫЛЖЫҚ,**  
Ыстамбұл университеті Әл-Фараби атындағы Еуразия ғылыми-зерттеу орталығының директоры, профессор (Түркия):

- Орта ғасыр – алтын ғасыр. Бұл Ислам әлемінің өркениет деңгейіне көтерілген кезеңі. Сол кезде көптеген ғалымдар шықты. Соның бірі – Әбу Насыр әл-Фараби. Ғұлама илахиаттан – метафизикаға, философиядан – логикаға, ахлақтан – саясатқа, физикадан – астрономияға дейін көптеген шығармалар жазған. Біз сол еңбектерін әлі күнге дейін зерттеп келе жатырмыз. Оны зерттеу бізге де міндет. Себебі олардан қалған мұра бізге рухани мұра ретінде жалғасып келе жатыр.

Бүгінде әл-Фараби атындағы ҚазҰУ әлемнің бірқатар елінен әл-Фараби орталықтарын ашты. Соның бірі біздің университетімізде орналасқан. Орталығымыз бен ҚазҰУ арасындағы келісімшарт негізінде көптеген шараларды бірлесіп атқардық. Соның маңыздыларына тоқталсақ, әл-Фарабиге қатысты дәстүрлі 3 халықаралық симпозиум және 3 конгресс өтті. Биыл әл-Фарабидің мерейтойлық жылы аясында ғылыми-зерттеу бойынша конференциямызды онлайн-форматта жүргізіп отырмыз. Сондай-ақ, әл-Фараби мұраларын зерттеп жүрген Түркиядағы ғалымдармен байланыстар орнатудамыз. Одан бөлек, біздің орталықта қазақ тілі, орыс тілі, түрік тілі және араб тілі курстары да өтіп жатыр. Келешекте осы ғылым-білімге бағытталған байланыстарымыз одан ары қарай да нығая түседі деген ойдамыз.



физикаға сүйенеді. Осы екеуі арқылы рационалды жолмен музыканың теориясын жазып шыққан екен. 1930 жылы Рудольф дер Ганже деген кісі мың беттен астам Ортағасырлық араб музыкасын зерттеген еңбегінде әл-Фарабидің осы әлемдік музыка мұрасына қосқан үлесі жайлы айтып, дәлелдепті. Әл-Фарабидің дәуірі музыкалық дәстүрдің жазба дәстүріне көшуге үлкен үлес қосқан. Оның дәуіріне дейінгі музыка, естіп, тыңдау арқылы келген болса, әл-Фарабиден бастап жүйелі түрде ноталар арқылы жазба дәуірге көшкен деп есептеледі. Әл-Фараби үшін музыка физикалық феномен. Өйткені, шығарылған дыбыс, молекулалардың тербелісі ауа арқылы ағып келіп, есту түтігіне тиеді.



**Досай КЕНЖЕТАЙ,**  
философия және теология ғылымдарының докторы, профессор:

- Әл-Фарабиге деген ұмтылысты, қажеттілікті алғаш сезінген – Батыс Еуропа болды. Неге десеңіздер, сол ғасырда позитивизммен келген мемлекет пен діннің қатынасы, философия мен ғылымның қатынасы, ғылым мен діннің қатынасы айналып келгенде, адамның иман және ақыл қатынастарының өлшемдері, олардың принциптері және олардың анықтамалары туралы қажеттіліктер болды. Соның негізінде, Фома Аквинский, кешегі Иммануил Канттың философиялық еңбектерінің артында әл-Фарабидің еңбектері жатқанын олар әрдайым мойындап келді.



**Яшар АЙДЫНЛЫ,**  
философия ғылымдарының докторы, Бурса Улудаг университеті теология факультетінің профессоры (Түркия):

- Әл-Фараби Аристотель мен Платоннан қалған дәстүрді сол күйінде жеткізген жоқ, өзгеше ислами рухпен қайтадан түрлендіріп, жаңғыртып, біздің сарқылмайтын мұрамызға айналдырды. Бұл сондықтан да біздің мақтанышымыз. Әл-Фараби еңбегінің арқасында көптеген ғалымдар өсіп шықты. Әл-Фараби теология және құқық саласына көптеген жаңалықтар енгізді. Біз қазір, латын, еврей тілдерін білетін мамандарға мұқтаждық. Өйткені, Еуропаның көптеген университеттерінде әл-Фарабидің осы тілдегі еңбектері жоғары оқу орындарында оқытылып жатыр. Мәселен, әл-Фарабидің «Ғылымдардың классификациясы» еңбегі іргелі оқулық ретінде оқытылады. Қазақстанда әл-Фараби туралы мектептен – университетке дейін оқытады. Мен осыған ерекше риза болдым. Бұл үрдіс, игі іс ары қарай да жалғасып кетуі керек.



**Альберт ФИШЛЕР,**  
Францияның құрметті профессоры, (Франция):

- «Табиғи болған барлық нәрсе, адамға жан рахатын сыйлайды». Әл-Фараби бұл үндеуді X ғасырда «Музыканың үлкен кітабы» еңбегінде жазған. Осы кітаптағы ой-сана, жүйені қарайтын болсақ, хикмет пен бақыт айналасында өрбиді. Музыкалық теорияларының өзі сол екі мәселені көздейді. Сонымен қатар, екі негізгі концепция: математика мен

Ғалымдар өздерінің баяндамаларын оқып, өзекті сауалдарын ортаға тастады. Бірлесіп, атқарылуы керек ғылыми ізденістерді саралады. Өз кезегінде бұл студенттермен қатар, жас ғалымдарға, ізденушілерге таптырмас пікірталас алаңы болды. Ұтымды ойлар айтылып, келелі мәселелер қозғалды. Фараби мұрасын танып білудің философиялық мәнін көпшілік тағы бір мәрте түсінгені анық.

Онлайн-конференцияның бас серіктестері Мұхтар Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Ежелгі дәуір әдебиеті және түркология бөлімі мен «Кешпенділер Атамұрасы» Халықаралық қоғамдық қоры болатын.

**Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ,**  
философия кафедрасының оқытушысы  
**Жамила ӘМІРҚҰЛОВА,**  
философия кафедрасы меңгерушісінің оқу-әдістемелік және тәрбие жұмысы бойынша орынбасары

Жалғасы. Басы 1-бетте



**Әсет ҚҰРАНБЕК,**  
ҚазҰУ-дың Философия кафедрасының меңгерушісі:

—Биыл тек қана бір Қазақстан, Түркі дүниесі үшін ғана емес, бүкіл адамзат дүниесі үшін үлкен маңызды жыл болды деп ойлаймын. Әлемді сарсаңға салған пандемияға қарамастан, ұлы ғұлама, адамзаттың ойшылы Әбу-Насыр әл-Фарабидің 1150 жылдығын атап өтудеміз. Осы мерейтой аясында ұйымдастырылып отырған конференциямызда ғалымдарымызбен еркін пікір алмасып, баяндамалар жасалуда. Бұл өз кезегінде Фарабитануды зерттеп жүрген жас ғалымдарымызға тамаша мүмкіндік берді.



**Жақыпбек АЛТАЕВ,**  
ҚазҰУ-дың Философия кафедрасының профессоры:

—Әл-Фараби адам міндетті түрде адал ниетті болу керек деп есептейді. Өйткені, жақсы істер істеп, оның төлеуін күтсе, адам бұл істерін жамандыққа айналдырады.

Әл-Фарабидің ғылыми ой-пікірлері өзінен кейінгі дәуірдегі Шығыс пен Еуропа халықтарының философиялық, эстетикалық, қоғамдық этикалық ой-пікірін және өнердің дамуына, жалпы рухани құндылықтардың дамуына әсер етіп, үлкен ықпалын тигізіп отыр. Ұлы өркениет философы Әбу-Насыр әл-Фараби рухани әлемі – адамзат өркениеті мен рухани құндылықтарының биік шыңы.

# ЮБИЛЕЙ АБАЯ

**В этом году в Казахстане широко отмечается 175-летний юбилей со дня рождения Абая Кунанбаева – великого казахского поэта. КазНУ им. аль-Фараби принял активное участие в организации юбилейных мероприятий.**



культуры казахского народа и обогатил эти сокровища благотворным влиянием мировой и русской культуры». Абай призывал к непрерывному просвещению и считал науку и образование основой развития своего народа. «...Знание и ремесло – вот настоящее богатство», – писал мудрый мыслитель в Словах назидания. Произведения Абая воспитывают чувства патриотизма и любви к своему народу и своей земле.

Разностороннее творчество является главной причиной того, что он известен и уважаем не только на родине. Именно поэтому 175-летие Абая широко отмечается как в Казахстане, так и за его пределами. Празднование юбилея было организовано под эгидой Организации Объединенных Наций по вопросам образования, науки и культуры (ЮНЕСКО) и Международной организации тюркской культуры (ТЮРКСОЙ).

В честь великого поэта проводится большое количество мероприятий. Казахский национальный университет имени аль-Фараби одним из первых принял эстафету празднования. Вслед за министром МОН РК Асхатом Аймагамбетовым ректор КазНУ им.

аль-Фараби Галым Мутанов прочитал стихотворение «Көлеңке басын ұзартып» и передал эстафету студентам и выпускникам КазНУ.

Факультеты университета приняли участие в организации мероприятий в честь празднования 175-летия Абая. К примеру, докторанты факультета «Биологии и биотехнологии» на платформе Microsoft Teams в рамках мероприятия «Абай есімі мәңгі өшпес!» рассказали о жизни и творчестве казахского поэта. Члены кружка «Жас тарихшы» факультета истории, археологии и этнологии в школегимназии №51 организовали мероприятие, посвященное 175-летию Абая Кунанбаева. Студенты кафедры Ближнего Востока и Южной Азии факультета востоковедения прочитали выбранные ими стихотворения Абая на арабском языке. Кроме того, в рамках празднования юбилея Великого поэта в Научной библиотеке КазНУ им. аль-Фараби открылся тематический зал, в котором представлены специальные материалы и экспозиции, посвященные Абаю Кунанбаеву. Необходимо отметить, что 9 октября 2020 года кафедра общего языкознания и европейских языков КазНУ им. аль-Фараби совместно с кафедрой

иностранной филологии Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева провела республиканскую онлайн-конференцию «Молодежные взгляды на мир и работу Абая Кунанбаева». В ней приняли участие студенты, магистранты, докторанты и молодые ученые обоих университетов. Они представили свои доклады, основной темой которых был анализ творчества и изучение наследия великого поэта. Докладчики затрагивали вопросы лингвистических особенностей поэзии Абая Кунанбаева, цитировали отрывки из его стихотворений, обсуждали философские мысли поэта.

Участие Казахского национального университета имени аль-Фараби в юбилейных мероприятиях, в первую очередь, направлено на популяризацию духовного наследия великого казахского поэта и просветителя Абая Кунанбаева, ведь очень важно сохранить память об истоках культуры казахского народа и передать ее последующим поколениям.

Являясь магистрантом 1 курса факультета филологии и мировых языков КазНУ им. аль-Фараби, я очень горжусь тем, что обучаюсь в университете, который является ведущим национальным университетом Республики Казахстан, занимающим лидирующие позиции в международных рейтингах. Важной особенностью является то, что, следуя мировым тенденциям в развитии высшего образования, Казахский национальный университет имени аль-Фараби продолжает сохранять культурное наследие нашей страны и возрождает память о прошлом для будущих поколений. Уже на протяжении долгих лет он воплощает идеи Абая, призывающие казахский народ к изменениям, новым высотам и достижениям, не отказываясь от своего прошлого.

**О. МОЛОТОВСКАЯ,**  
магистрант 1-го курса  
факультета филологии и  
мировых языков,

**М. ЖАМБЫЛКЫЗЫ,**  
доктор PhD, и.о. доцента кафедры  
общего языкознания и европейских языков

**Этномәдени ойындардың тарихы тым терең. Ұлттық ойын – әр ұлттың дәстүрлі этникалық мәдениеті, тұрмыс-тіршілігі, тарихы мен өмір сүру салтының ерекшеліктерінің көрсеткіші.**

## Ұлттық ойын құндылығы

білімгерлері аудармашылықты, шетел филологиясын таңдапты. Күнделікті дәріске қатысып, өздік жұмыстарды орындай жүріп, тәрбие шараларына да белсене қатысып келеді. Топ кураторы, аға оқытушы, докторант Халел Агнурдың бастамасымен «Қазақтың ұлттық ойындары» атты қысқа сюжетті видеоролик түсірді. Мақсаты – ақпараттық технологиялар мен жаһандану заманында түрлі-түсті мәдени ағым жетегінде кетпеу, жастардың рухани белсендігін арттыру, ұлттық сана мен тәрбие ісінде ұлттық ойындардың маңызын көрсету.

Білімгерлер «Аударма ісі» мамандығында оқитын 1 курс студенттері Айдана Болатова, Айнура Қаракулова, Жаннұр Мұратова, Мақпал Қазибекова және «Шетел филологиясы»

студенттері Жансая Алиасқар, Акмарал Еркенова, Ляззат Борашева, Аружан Қажымұқанқызы, Балсұлу Мадениетовалар қазақтың ұлттық киімімен, шаштарын бұрым етіп өріп, ұлттық әшекей бұйымдармен қазақтың ару қыздары образдарын әдемі сомдап көрсетті.

Видео-ролик тақырыбы «Ұлттық ойындар» деп аталады. Қазақтың «Алтыбақан» «Қыз қуу», «Көкпар», «Ақсүйек», «Аударыспақ», «Бәйге» т.б. көптеген ұлттық ойындарын нысанаға алып, қысқа сюжеттік форматта түсірген. Қазақтың ұлттық ойыны тек күш пен батылдықты, ептілік, шыдамдылыққа ғана негізделмеген, сондай-ақ халықтың танымдық-философиясы де берік орныққан. Мысалы, «Аударыспақ» ат үстінде бір-бірін қолдарынан тартып, аттан

құлатады. Сондай-ақ «Тоғызқұмалақ», «Ханталапай» сияқты халқымыздың зияткерлік ойындары туралы да әдемі көрсете білген.

Студенттердің бұл ролик арқылы айтқысы келгені – ақпараттық технологиялар мен жаһандану заманында түрлі-түсті мәдени ағым жетегінде кетпеу, жастардың рухани белсендігін арттыру, ұлттық сана мен тәрбие ісінде ұлттық ойындардың маңызын көрсету.

Түсірілген роликке кафедраның оқытушы-профессорлар құрамы ризашылығын білдіріп, бұл шараның «жастардың өз халқының мәдениетіне және тарихи құндылықтарын құрметтеу» деп бағалады.

Бір қызығы, бұл роликті студенттер өздері білім алған мектеп бітірушілері арасына да таратты, яғни әлемдегі алдыңғы орынға шыққан көшбасшы университетімізді мақтаныш ету, оны паш ету болды.

**Г. КОРТАБАЕВА,**  
филол.ғ.к., Түрксой кафедрасы

# Ғалымның гидратты құмыры

**Ұлы Абай: «Ғылым – Алланың бір сипаты, ол хақиқат, оған ғашықтық өзі де хақылық хәм адамдық дүр», – дейді өзінің отыз сегізінші қара сөзінде.**

**Адамның ғылымды игеруі осы хақиқаттың растығын білу, оған құмар болу деген сөз. Абай ғылым жолына түскен адамды хақиқат жолына, Алланың жолына түскен жан деп есептейді. Ал оңай жолмен мал табу, пайда табу жолына түскендерден Аллаға ғашықтық, ғылым-білім хақиқаты табылмайды.**

«Хақылық жолды дін деп атап ашты олар, Бар әлемге жарықтарын шашты олар. Адамзатты құтқаруға пәледен, Мехнат шекті, төкті талай жасты олар»  
(С. Сейфуллин).

Мұндағы Сәкен ақынның дін деп отырғаны да ілім-білім. Абай да хақиқат туралы ойын Аллатағалаға иман келтіруден бастайды. Сонда дін дегеніміз бұл жерде білім, ғылым, иман байлығы ретінде беріліп отыр.

Жоғарыда келтірілген ақын қарасөзі «Ғұмыр өзі – хақиқат» деп аталады. Мұндағы негізгі кілт ұғым – ғұмыр. Себебі ақын «Ғұмыр өзі – хақиқат. Қай жерде ғұмыр жоқ болса, онда кәмалат жоқ» дейді. Демек, ғұмыр болған жерде ғана болмыс туады. Сонда ғана адам әрекет етіп, жоқтан бар жасайды. Осы орайда, ұзақ жасаудың сырына да бойлағандай боласың. Аллатағала да өлшеулі ғұмырды босқа жүрмейтін адамдарға текке бермейді-ау деп ойланасың...

Өмірін ағартушылық қызметке арнаған ұстаз отбасында дүниеге келген біздің кейіпкеріміз де Алланың осы айтқан сипатына ғашық болып, жастайынан білімге ден қойып, алғыр боп өседі. Алла берген ұзақ ғұмырында талай биіктерді бағындырады.

Бүгінде тоқсанға келсе де, жанын да тәнін де артық-ауыс нәрселерден аулақ ұстап, тік жүруінің өзі тектілігін білдірген, сыр бермей, сырбаз жүруінің өзі үлгіге айналған ұстазымызды осы ғұмырында көп іс тындырды деуге болады.

Олай дейтін себебіміз, қазақ тіл білімінде коммуникативті синтаксистің негізін қалаған көрнекті өкілдерінің бірі, жетпіс жылға жуық уақыт ғылыми-ағартушылық салада аянбай еңбек етіп келе жатқан ұлағатты ұстаз, филология ғылымдарының докторы, профессор Әмір Рақыш Сәтұлының ғылымда салған ізі айқын, тіл біліміне, педагогикалық ғылымға қосқан үлесі зор.

Бар саналы ғұмырын ұстаздық пен ғылымға арнаған, Қазақстан Республикасының білім-ғылымының дамуына зор үлес қосқан ұлағатты тұлға бүгінде тоқсан жасқа келіп отыр. Осы ғұмырында ғалым үш салада, атап айтсақ, тіл білімі саласында, педагогикалық ғылымдар саласында, мектеп, ғылыми мекемелер үшін маман дайындау саласында аянбай еңбек етті.

Ғалымның мектепте қазақ тілін оқыту мазмұнын, әдістемесін жетілдіруге бағытталған алғашқы еңбектерінен бастап, тіл білімінің ең күрделі саласы

синтаксисті зерттеуге ден қойғаннан кейінгі, синтаксистік парадигмада әдеби тілдің ауызша формасын қарастырудан бастаған барлық сүбелі еңбектерін қазақ тіл білімінің қоржынына салынған үлкен олжа деп білеміз.

Сөзіміз дәлелді болу үшін ғалымның ғылыми-шығармашылық және еңбек жолына шегініс жасайық.

Рақыш Сәтұлы 1955 жылы мектепте істеп жүрген кезінде Қазақ ССР Оқу министрлігі бұйрығымен педагогикалық ғылымдар ғылыми-зерттеу институтына ауыстырылады. Ғалымның алғашқы зерттеулері мектепке арналып осы кезден жазыла бастайды. Зерттеу жұмысын алғашқылардың бірі болып эксперимент түрінде жүргізеді. Бұл зерттеулерінің нәтижесінде «1-класста қазақ тілін оқыту» (1956), «Бастауыш класстарда қазақ тілін оқыту» (1960) деген кітаптары жарияланады. Бұлар дер кезінде қазақ мектептеріне арналып жазылған қажетті жақсы оқулықтар болды.

Ұлттық мектептің жай-күйіне алаңдаған ғалым мектепті реформалау ісіне бел шеше араласып отырады. Одан кейін де бұл мәселеден қол үзбей «Қазақ тілі пәнін қоғам, мектеп реформаларына сай жетілдіру концепциясы» (1988), «Жалпы білім беретін қазақ орта мектебінің концепциясы» (1990), «Қазақ тілі пәнінің білім берудегі оқушыны әлеуметтік тұлға етіп қалыптастырудағы негізі» (1992), «Қазақ мектебінің бүгінгі мен болашақ даму бағыты» (2006) атты еңбектерін жазады. Бұл еңбектеріндегі жалпы білім

***Р.С. Әмір еңбектерін, зерттеулерін қолынан қаламы түспей әлі жазып келеді. Ауызекі сөйлеу тілін зерттеу, синтаксистің грамматикалық, функционалдық жүйесін жазу қазақ тілінің коммуникативтік жұмсалысын, қызметін көрсету талабына алып келгеннен кейін ғалым бұл мәселелерді өзінің сүйікті университетінде «Қазақ тіл білімінің актуалды мәселелері», «Синтаксистің коммуникативтік аспектілері» деген арнаулы курс ретінде ұзақ жылдан бері күні бүгінге дейін жүргізуде.***

сапасын көтеруге, қазақ тілін оқытудың әдістемесіне арналған ғалымның ойлары әлі де өзекті деуге болады.

Рақыш Сәтұлы Әмір 1961 жылы педагогикалық ғылымдар ғылыми-зерттеу институтының директорының орынбасары қызметін атқарды.

1955 жылы кандидаттық, 1972 жылы Ғылым академиясына қарасты Тіл білімі институтында докторлық диссертациясын қорғайды.

1975 жылы ғалым С. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетінің қазақ тілі кафедрасының меңгерушісі, 1974-1979 жылдар аралығында факультеттің

деканы болып тағайындалады. Факультетті басқарған кезінде қазақ және орыс тіл білімі бойынша кандидаттық диссертация қорғайтын кеңестер ашуға күш салады. Өзі кеңестің төрағасы, Республикалық жоғары комиссиясының мүшесі болады. Сөйтіп республика бойынша Тіл білімі институтынан кейінгі диссертация қорғайтын екінші кеңес ашылады. Орыс тіл білімінен диссертация қорғататын ғылыми кеңестің ашылуы сол кезде Қазақстан үшін ғана емес, бүкіл Орта Азия үшін де зор мәнге ие болады.

Сондай-ақ алғаш рет араб тілінен маман дайындау ісін жүзеге асырады. Бұл кейін университетте шығыстану факультетінің ашылуына негіз болады.

1979 жылы қайраткерлігімен танылған Рақыш Сәтұлы Әмір Алматы педагогикалық шет тілдер институтының ректоры болып тағайындалады. Институттың дамуына ерен еңбек сіңіреді. Бұл жылдардағы

лингвистикасы мен лингводидактика мәселелері» (2006), «Қазіргі қазақ тілі. Құрмалас сөйлемдер жүйесі» (2016) атты монографиялық еңбектері толықтырылып, өңделіп қайта жарық көреді. Ғалымның көз майын тауысып жазған бұл ізденістерінің теориялық табыстары қазақ тіл білімінің филологиялық базасын байытты. Сондай-ақ ғалым қазақ тілі ғылымының тарихында ерекше орны бар «Қазақ тілінің грамматикасы» (1967), «Қазақ грамматикасы» (2002) еңбектері авторларының бірі. Сонымен қатар Р. Әмірдің сөйлеу мәдениетіне арналған еңбектерінің өзі бір төбе екендігін де атап өткен жөн. Мысалы, «Тіл мәдениеті және баспасөз» (1969), «Шешендік сөз» (1973), «Интертекстуалдық мәдениет пен тіл мәдениетінің қарым-қатынасы» (1977), «Сөз мәдениеті» (1977), «Ауызекі сөйлеу тілінің фольклордың қазақ әдеби тілінің қалыптасуына әсері» (1986), «Тіл мәдениеті жөнінде» (1986) т.б. проблемалық мақалалары мен кітаптары соның дәлелі.

Ғалымның бірнеше мәрте Алматы қаласы халық депутаттары советінің депутаты, компартия ұйымы пленумының мүшесі (1983-1987), Қазақстан Компартиясының делегаты болып сайлануы (1986) өзі сүйетін елі үшін, жас ұрпақ үшін бел шеше еңбек еткен қайраткерлік қырынан хабар береді.

Р.С. Әмірдің жоғары дәрежелі квалификацияға ие мамандар дайындауда еңбегі зор. Ғалым 23 кандидат, 2 ғылым докторын дайындады. Шәкірттерінің өзі бүгінде ізін жалғастырған белгілі ғалымдарға айналған.

Сөз соңында филология ғылымының докторы, профессор, ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері, «Құрмет белгісі» ордені, «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ға сіңірген ерен еңбегі үшін» медалінің иегері Рақыш Әмір ағайымызды торқалы тойымен құттықтай отырып, мықты денсаулық, жүз жасасын деген тілек білдіреміз.

А. ТЫМБОЛОВА,  
профессор, филология ғылымдарының докторы

**Более полувека доктор географических наук, профессор КазНУ им. аль-Фараби София Максимовна Романова связана с родным университетом, которому посвятила свою жизнь. В признанных достижениях университета, несомненно, есть и ее вклад. Коллеги поздравляют Софию Максимовну с юбилеем!**

# Штрихи к портрету



инженером, младшим научным сотрудником. Затем увлеченно занималась педагогической деятельностью, вначале – в должности ассистента, затем – старшего преподавателя, доцента и профессора.

Начиная со студенческих лет, под руководством профессора Б.А. Беремжанова и доцента М.А. Ибрагимовой София Романова активно участвовала в работе экспедиционных отрядов кафедры неорганической химии в бассейнах рек Ертіс, Сырдария, Тобыл, Аят, Талас, Асса и др. В 1988 году она успешно защитила кандидатскую диссертацию в специализированном совете Гидрохимического Института (г. Ростов-на-Дону) на тему «Гидрохимия рисовых оросительных систем в бассейне реки Или», став признанным специалистом в области гидрохимии в Республике Казахстан.

В течение многих лет София Романова преданно трудится на благо кафедры, факультета и университета. Она продолжает накапливать и теоретически осмысливать богатейший экспериментальный материал, полученный ею лично в полевых и лабораторных условиях.

С.М. Романова – крупный специалист в области неорганической химии, экологии, галургии и гидрохимии. По результатам научных исследований опубликовано около 600 ее научных и методических трудов, в том числе 5 монографий, 40 учебных пособий, 19 статей в рейтинговых журналах баз Scopus и Thomson Reuters, более 30 авторских свидетельств, 4 акта внедрения НИР в производство малого бизнеса. Научные результаты исследований докладывались на многих международных симпозиумах, съездах, Всесоюзных и республиканских конференциях.

Профессор С.М. Романова – один из ведущих педагогов факультета химии и химической технологии КазНУ им. аль-Фараби. Помимо химических дисциплин (неорганическая химия, теоретические основы неорганической химии, химия элементов, неорганический синтез) она читает специальные курсы для студентов бакалавриата, магистратуры и докторантуры химического, географического и биологического факультетов.

Наряду с научной и педагогической деятельностью София Максимовна принимает активное участие в общественной жизни факультета и университета. Она является членом диссертационного совета при ТОО «Институт географии» АО ЦНЗМО по защите кандидатских и докторских диссертаций по 3 специальностям; экспертного совета по экспертизе тестовых заданий госаттестации Комитета по надзору и аттестации в сфере образования и науки МОН РК; международной академии экологии, эксперт-эколог; Ученого совета факультета химии и химической технологии КазНУ им. аль-Фараби.

С.М. Романова – обладатель Международного индивидуального гранта Travel Grant за успехи в научной деятельности в Казахстане (2000) и государственного гранта «Лучший преподаватель ВУЗа» (2011); награждена медалью «Еңбек ардагері» (2019) и другими заслуженными наградами.

Профессионализм Софии Максимовны, ее мудрость, неизменная доброжелательность, готовность прийти на помощь в любую минуту снискали не только уважение, но и любовь всего коллектива кафедры, факультета и университета. Она является примером подражания для студентов и молодых преподавателей.

У Софии Максимовны дружная семья, где ее любят и ценят как заботливую маму, бабушку, тетю и сестру.

От имени кафедры общей и неорганической химии, факультета химии и химической технологии КазНУ им. аль-Фараби поздравляем коллегу со славным юбилеем и желаем большого счастья, крепкого здоровья, творческого долголетия, успехов в дальнейшей деятельности на благо нашей страны.

**Алмагуль НИЯЗБАЕВА,**  
заведующая кафедрой общей и неорганической химии,  
кандидат химических наук, доцент

**ҚазҰУ-дың Шығыстану факультеті елмен-елді, жермен-жерді – байланыстыратын болашақ елшілерді, аудармашыларды, шығыс тілдерінің, соның ішінде жапон, корей тілдерінің мамандарын оқытып жатқан бірден-бір оқу орны. Тіл білу үлкен мүмкіндіктерге жол ашады. Бір елдің тілін білсек, біз сол елдің мәдениетін де түсіне аламыз. Тіл білу бізге жаңа әлемнің есігін ашады.**

## ЭХАКАГИ ЖОБАСЫ

Осындай достық ынтымақтастықтың бір белесі – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жапонтану бөлімінің студенттері мен Жапонияның Бункё Гакуин университетінің студенттерінің арасында басталған “Ehagaki Project” жобасы.

Қазіргі таңда бүкіл әлемдегі пандемия жағдайында, академиялық ұтқырлық бағдарламасымен шет елге шыға алмай қалған студенттердің арасындағы қарым-қатынасты үзбеу, жаңа достар табу, қарым-қатынасты нығайту, өзара ақпарат алмасу мақсатында басталған онлайн жоба. Студенттер бір-бірімен танысып қана қоймай, сонымен қатар өз елдерін, мәдениетін, әдет-ғұрпын, тарихи орындарын таныстырады.

Жапония студенттері өз қолдарымен Жапонияның символдарына айналған фуџи тауы, сакураңың суретін, Қазақстанның туын, тауларын салған ашық хаттар жасап, біздің студенттерге жіберген. Кейбір студенттер қазақ тілінде

сәлемдесіп, Қазақстаннан достар тапқысы келетінін айтып хат жазған.

Студенттердің аса ден қойып, дайындық жасағаны біздің студенттердің, оқытушылардың жүрегіне ерекше қуаныш сыйлады. Бұл біздің елге, тілге, мәдениетке деген сыйластықтың көрінісі. Бұл жобаның тәрбиелік маңызы да жоғары.

Ұлы философ әл-Фарабидің айтқан нақыл сөзі бар: «Адамға ең бірінші білім емес, рухани тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның барлық өміріне апат алып келеді».

Яғни, ұстаздардың басты мақсаты – оқу-білім ғана емес, студенттердің тәрбиесіне де мән беру. Кәсіби маман дайындаумен қатар, біз рухани кемелденген, парасатты, зиялы ұрпақ тәрбиелеуіміз қажет. Осындай мамандар дүниежүзілік аренада еліміздің статусын жоғарыға көтере аламыз.

Жастарға достықтың, жақсылықтың, сыйластықтың бағалығын түсінуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар басқа елдің тіліне, мәдениетіне деген сыйластыққа үйретеді. Бұл жоба кейін оффлайн форматта да өз жалғасын табады деп сенеміз. Жапонияның бір университетімен ғана емес, басқа да университет студенттерімен осыған ұқсас жобалар жалғасын тапса, бұл да елдің арасындағы достық, ынтымақтастық қарым-қатынастың бір белесі болатынына сенеміз.

Қазіргі жаһандану заманында өсіп келе жатқан жастарға басқа мәдениетті оқып-білумен қатар, өз елінің тілін, мәдениетін дүниежүзіне таныта білу өте маңызды. Жапония, Корей мемлекеті болсын, басқа да шет мемлекеттеріне білімді, жан-жақты, тәрбиелі студенттеріміз бен мамандарымыз арқылы халықаралық дәрежеде имиджімізді көтере аламыз. Әр мемлекеттің басты байлығы – оның халқы. Білімді, тәрбиелі, жан-жақты ұрпақ өз елін алға жетелей алады.

Шығыстану факультеті

«Невада-Семей» жастар ұйымының белсенділері халықаралық антиядролық қозғалыс «Невада-Семей» ұйымымен бірлесе отырып Қазақстан жеріндегі жарылыстың соңғы күнін атап өту мақсатында «ХАҚ «Невада-Семей» және оның жетекшісі О. Сүлейменовтің Қазақстан аумағындағы ядролық сынақтарды тоқтатуда және Семей ядролық полигонының жабылуындағы шешуші рөлі» тақырыбында онлайн дөңгелек үстел өткізді.

## «НЕВАДА-СЕМЕЙ» ЯДРОЛЫҚ СЫНАҚҚА ҚАРСЫ



Дөңгелек үстел барысында Семей ядролық полигонындағы жарылыстардың тарихы, «Невада-Семей» қозғалысының 30 жылдан астам уақыт ішінде жеткен жетістіктері қарастырылды.

Дөңгелек үстелге халықаралық ядроға қарсы «Невада-Семей» қозғалысының төрағасының орынбасары Эфим Зуслин, жауапты хатшысы Алия Бекмагамбетова, ядроға қарсы қозғалыстың ақсақалдары, Тұрақты даму бойынша ЮНЕСКО кафедрасының оқытушылары, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ «Невада-Семей» жастар ұйымының өкілдері қатысты.

Шара ҚазҰУ-дың Тұрақты даму бойынша ЮНЕСКО кафедрасының меңгерушісі Тұрсынқұл Базарбаеваның алғы сөзімен басталды. «Невада-Семей» халықаралықантиядролыққозғалысының бірінші вице-президенті Эфим Зуслин: «Халықаралық антиядролық «Невада-Семей» қозғалысы тек Қазақстанда ғана емес, бүкіл әлемде ядролық жарылыстарды тоқтата алды. Өскекең ұрпақ алдына жаһандық мақсаттар – ядролық қаруды өсіруді тоқтатуға қол жеткізу және еркін

әлемде өмір сүруді қойып отырғанына біз қуаныштымыз».

«Невада-Семей» халықаралық антиядролық қозғалысының ардагері, б.ғ.д., әл-Фараби атындағы ҚазҰУ профессоры Виктор Инюшин өз сөзінде қозғалыс көшбасшысы О.О. Сүлейменовтің шабыттандыратын және ынталандыратын рөлін атап өтті. КСРО мен АҚШ арасындағы идеологиялық текетірестің – «Қырғи қабақ соғыстың» қызған шағында Олжас Сүлейменов бейбітшілікке үндеп, «Жабайы дала» өлеңін жазды. «Егер әлем мұңаймаса – сіз де, Қазақстан да мұңаймаңыз. Әлем сенімен сыналған. Қазақстан, егер қолыңнан келсе, кешір. Сынаққа тыйым салу жасасын!» – деп жазды О. Сүлейменов. Ақынның терең ойлы жолдары мен шынайы істері бүгінгі күні елімізде және әлемде болып жатқан оқиғаларға бейжай қарамайтын және «Невада-Семей» халықаралық антиядролық қозғалысын қолдауға дайын қазақстандықтарды шабыттандырады.

Өз тілшімізден



## МОЯ ЖИЗНЬ И УЧЕБА В АЛМАТЫ

Покинув Казахстан, я часто вспоминаю счастливые моменты, связанные с периодом в жизни, когда я была иностранной студенткой в КазНУ им. аль-Фараби. Я очень благодарна своим преподавателям, сокурсникам, казахстанским друзьям за интересный опыт и яркие впечатления. И рекомендую всем, кто заинтересован в изучении русского языка, сделать свой выбор в пользу факультета довузовского образования КазНУ.

Меня зовут Даын Чжунг. Я студентка Университета Каннам в Южной Корее. Полгода я жила в Казахстане, изучая начальный русский язык на факультете довузовского образования КазНУ.

Впервые я узнала о КазНУ им. аль-Фараби от своего профессора во время лекции по основам русского языка. Самое главное, я поняла, что в этой стране смогу улучшить русский язык. Так оно и случилось. А еще я рада, что не упустила отличный шанс познакомиться с новой культурой чужой страны.

Когда я впервые приехала в Казахстан, все, что знала, – это основы кириллического алфавита и некоторые слова, такие как «парк» или «спасибо». После 9 месяцев обучения, я смогла достичь большого прогресса в русском языке по программе обучения на кафедре языковой и общеобразовательной подготовки КазНУ.

Моя группа состояла из 10 студентов. Это была отличная среда для практики русского языка через взаимодействие и общение. Преподаватели уделяли достаточно внимания каждому ученику, были очень увлечены работой, помогая нам в учебе.

Я не только изучала русский язык, но и могла почувствовать колорит и атмосферу Казахстана как страны и казахского языка тоже. На лекциях курса «История и культура Казахстана» я узнала много интересного о стране, краткие сведения из ее истории. Содержание этого курса – географические и культурные особенности Казахстана. Мне, конечно, очень понравились занятия по этому предмету. Я могу вспомнить многое из изученного даже по прошествии нескольких месяцев.

Мне также понравились занятия по казахскому языку. Мы занимались всего 2 часа в неделю, так что я мало чему научилась. Думаю, что именно благодаря усилиям преподавателей казахского языка я так много всего узнала о Казахстане.

Кроме того, в течение семестров было запланировано несколько интересных мероприятий – две экскурсии, две студенческие конференции и многое другое. Студенты имели возможность посетить интересные исторические и красивые места Казахстана. Мы вместе ездили в путешествие к прекрасному озеру Иссык. Это одно из популярных достопримечательностей близ Алматы – прозрачное озеро сапфирового цвета, окруженное горными вершинами. Это был такой чудесный пикник! Я смогла освежиться и наполниться радостью, просто гуляя и фотографируя. А по дороге к озеру мы заехали в исторический музей – Иссыкский Государственный историко-культурный заповедник-музей, расположенный посреди поля перед въездом в горы. Он был не таким

большим, но был заполнен интересными артефактами, включая копию Золотого человека. Экскурсия меня впечатлила. Следующая поездка, запланированная на весну в Туркестан, к сожалению, была отменена из-за ситуации, связанной с COVID-19. Я слышала, что весной студенты обычно посещают исторический город Туркестан и Нур-Султан, столицу страны.

А ещё перед Новым годом состоялся студенческий концерт «Давайте познакомимся!». Я репетировала популярную песню на русском языке под названием «Оттепель» с японскими девушками, убедившись, что исполнение песен по-русски – один из лучших способов быстро выучить иностранные языки.

Зимой каждая группа кафедры подготовила несколько выступлений для очень интересной и полезной студенческой конференции. Всем была предоставлена возможность сделать письменное сообщение на английском, русском или казахском языке. Я читала статьи, которые студенты из многих стран писали о своих странах.

В Алматы я жила в общежитии, посещала достопримечательности и интересные места – супермаркеты, универмаги, спортзалы, церкви, различные кафе и парк развлечений на вершине горы Кок-Тобе. Но самая лучшая особенность Алматы, на мой взгляд, – это улицы, заполненные зелеными деревьями и травой. Я много гуляла. Каждая прогулка была маленьким приключением! Город украшают зеленые парки и аллеи. В нашем общежитии проживали иностранные студенты из стран разных государств. Здесь я познакомилась и подружилась со студентами из Кореи, Японии, Китая и арабских стран, среди них была девушка, изучавшая корейский язык, мы стали с ней лучшими подругами.

Из-за пандемии COVID-19 мне пришлось вернуться в свой родной округ на 3 месяца раньше. Но я продолжала учиться и закончила свой курс онлайн. Я до сих пор поддерживаю связь с друзьями и своим куратором Айжан Ахмедовой, а иногда вспоминаю счастливые моменты во время учебы в КазНУ. Если бы у меня был еще один шанс изучить там русский язык, я бы с радостью вернулась в Казахстан. Я рекомендую всем, кто заинтересован в изучении русского языка или в учебе в Казахстане, побывать в этой замечательной стране.

С благодарностью ко всем добрым людям, которых я там встретила!

Даын ДЖУНГ,  
выпускница кафедры языковой и  
общеобразовательной подготовки  
КазНУ, Республика Корея

**Әлемдік пандемия білім беру саласына да айтарлықтай әсер етуде. Қазіргі пандемия жағдайында қашықтықтан онлайн режимде оқыту білім беру саласының маңызды бағыттарының бірі.**

## ҮЗДІКСІЗ БІЛІМ БЕРУ КЕШІЛІ



Бұл туралы ҚР Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов өз сөзінде: «Осыған байланысты әлемнің көптеген мемлекеттерінің алдында осы процестің жағымсыз салдарын азайту және үздіксіз білім алуға мүмкіндіктер жасау міндеті тұр. Біздің білім беру жүйесі үшін қашықтықтан оқытуға көшу де өте маңызды мәселе болып табылады» – деп айтқан.

Өз кезегінде заманауи компьютерлердің және Web-серверлердің ақпараттық-бағдарламалық қамтамасыз етудің бар мүмкіндіктері ғаламдық желі арқылы білім берудің интерактивті бағдарламаларын жасауға мүмкіндік береді. Интернет технологияларға негізделі отырып, қашықтықтан онлайн режимде оқыту өз мүмкіндіктерін кеңейтіп жатыр. Мысал ретінде білім беру процесінде қашықтықтан онлайн режимде оқытуда жаңа технологиялар мен мүмкіндіктерді қолданатын әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетін айтуға болады.

Университетте білім беру процесі онлайн режимде қашықтықтан оқыту кезінде қарқынды жүргізіліп жатыр деп айтуға болады. Өйткені үздіксіз білім беру процесін қамтамасыз ету үшін Қазақ ұлттық университеті Univer жүйесі, СДО Moodle, Кайдзен, Оқулық сияқты қашықтықтан оқыту платформаларымен қатар, Zoom, Skype, Microsoft Teams, Google Meet платформаларында онлайн вебинарлар жүргізу арқылы білім беру процесін үздіксіз жалғастырып отыр. Қашықтықтан онлайн режимде оқытудың бірқатар қиындықтары да бар. Мысалы, жаңа жағдайларға бейімделу, онлайн оқыту жүйесін қажетті контенттермен толықтыру, оқытушылар мен студенттердің цифрлық сауаттылығын дамыту қажеттілігі және т.б. Аталған мәселелердің бірі оқытушылар мен студенттердің цифрлық сауаттылығын дамытуға байланысты Қазақ ұлттық университеті оқу процесінде оқытушылар мен студенттерге цифрлық ақпараттық білім беру платформалары мен құралдарын қолдану нұсқаулығы бойынша кеңес беру жұмыстарын да белсенді жүргізуде. Сәйкесінше, бұл университеттің стратегиялық бағытының бірі жаңа ақпараттық технологияларды жылдам қарқынмен енгізуге жол ашты.

Пандемия жағдайында оқытушылар мен студенттердің оқу құралдары мен әдебиеттерге оңай қол жеткізуі үшін Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жанындағы «Қазақ Университеті» баспа үйі KazNUread электронды-кітапхана жүйесін іске қосты. Онда 4500-ден астам оқу және әдістемелік

басылымдарға, конференциялар мен мақалалар жинағының материалдарына онлайн қол жеткізуге болады (<https://read.kz/>).

Сонымен қатар, университет білім, ғылым және инновацияны біріктіре отырып, түрлі онлайн вебинарлар, конференциялар, тренингтер, мастер-кларстар өткізуде және білім беру процесі үздіксіз жалғасуда. Әлемдік пандемия жағдайына қарамастан, университет өзінің оқу-әдістемелік, тәрбиелік, ғылыми-инновациялық, халықаралық байланыс жұмыстарын белсенді жүргізу үстінде. Оған дәлел ретінде, университеттің Экономика және бизнес жоғары мектебі, «Бизнес-технологиялар» кафедрасының докторантура бағдарламасы бойынша дәріс жүргізуге шетелдік профессор, Санта Катарина федералды университетінің PhD докторы Isaias Bianchi-ді тартуынан көруге болады. Isaias Bianchi «Маркетинг» және «Логистика» мамандығының 1-курс докторанттарына «Academic writing», «Scientific research methods» пәндерін жүргізеді. Isaias Bianchi Қазақ ұлттық университеті туралы өз сөзінде: «Мен ҚазҰУ-дың оқытушысы болғанымна қуаныштымын, Бизнес технологиялар кафедрасында керемет және қолдау көрсететін әріптестеріммен жұмыс істеймін. Бұл мен үшін Қазақстан нарығында әр түрлі білімі мен тәжірибесі бар докторанттарға сабақ беру және оларға жол көрсетудің таңғажайып тәжірибесі болды. Мен Қазақстан туралы көп білдім. Covid-19 пандемиясы бүкіл әлемдегі жоғары білім беру қауымдастығы үшін күрделі мәселелер туғызды, университеттерге онлайн оқытуға бейімделіп, халықаралық ынтымақтастыққа қаражат салуы керек болды. Қазақ

ұлттық университеті осы мүмкіндікті пайдаланып, басқа университеттермен және зерттеушілермен халықаралық ынтымақтастық пен байланыс орнатуға қаражат салды. Мен Санта-Катарина Федералды Университетінің (Бразилия) Moodle-мен қашықтықтан оқыту тәжірибесімен және Қазақстанда қолдануға болатын халықаралық ноу-хаумен бөлісемін және де студенттерге қоғамға әсер ететін зерттеулерді жүргізуге және мақалаларды шығаруға көмектесе отырып, өз тәжірибеммен бөлісемін. Бұл ынтымақтастық екі университетке бірлескен жобалар, курстар, семинарлар, конференциялар, тағылымдамалар мен зерттеулерді дамытуда жемісті болады деп сенемін». Бұл да өз кезегінде халықаралық ынтымақтастықты жолға қоюдың көрінісі десек болады. Оған қоса, Қазақ ұлттық университеті 2020-2025 жылдарға арналған даму стратегиясының негізгі бағыттарының бірі халықаралық ынтымақтастықты кеңейтуге ықпал етеді.

Қорытындылай айтсақ, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті пандемия жағдайында да білім берудің сапасын төмендетпей, озық технологиялар мен құралдарды қолдана отырып онлайн түрде ғылыми конференциялар мен вебинарлар ұйымдастырумен қатар, оқу процесінде халықаралық ынтымақтастықты да қолдануынан үздіксіз білім берудің кепілі деп айтуға болады.

**3. АХМЕТОВА,**

*бизнес-технологиялар кафедрасының меңгерушісі, э.ғ.к., ассоц. профессор,*

**Ж. КОЖАМКҰЛОВА,**

*бизнес-технологиялар кафедрасының доценті, э.ғ.к.*

**Карантин салдарынан еліміздің оқу орындары, сонымен қатар ЖОО онлайн оқыту режиміне көшті. Қазіргі таңда мектептер мен университеттер және де басқалары онлайн оқуды жалғастыруда.**

## КАРАНТИН КЕЗІНДЕГІ ОФЛАЙН ОҚЫТУ

Республикадағы ең ірі жоғары оқу орындарының бірі – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті "Универ 2.0" және Moodle ақпараттық-білім беру платформаларын пайдаланады. "Универ 2.0" ҚазҰУ-да жасалған, платформа негізінде:

- пәндердің оқу-әдістемелік кешендерінің курстары мен базасын қалыптастыруға;
- жеке немесе топтық дәрістер өткізуге;
- тапсырмалар беруге, студенттердің оларды орындауын бақылауға;
- курстың даму дәрежесін бағалауға және тағы басқалары.

Қазақ ұлттық университетінде магистранттарға оқуларын офлайн режимде жалғастыруға мүмкіндік берілді. Оқыту процесінің оқытушылар құрамы үшін де, магистранттар үшін де қауіпсіз ету мақсатында университет қабырғаларында сақтық шаралары қабылданды:

- ғимаратқа кіре берісте қауіпсіздік ережелері туралы ақпарат бар плакаттар ілінді;
- дәліздерде қолды дезинфекциялау құралдары орнатылды;
- әр аудиторияда ескерту плакаттары ілінді;
- парталарға қажетті әлеуметтік қашықтықты сақтау үшін шектеулі жапсырмалар шахматты ретте жабыстырылды;
- мекеме қабырғаларында әрдайым бетперде режимі сақталады;
- аудиториялардағы адамдар саны әрдайым шектеулі, адам саны рұқсат етілген мөлшерден көп болса, ол пән онлайн түрде өткізіледі;
- 65 жастан асқан мұғалімдер өз пәндерін тек қана онлайн форматта өткізеді, және тағы да басқа шаралар қолданылды.

Офлайн оқытудың магистранттар үшін ең басты артықшылығы – университет қабырғасында зерттеу жұмыстарын жүргізу мүмкіндігі.

Соңғы жарты жылда онлайн оқыту күннен күнге дамып келеді, көптеген күш пен қаржы салынуда. Алайда онлайн оқыту тиімсіз болып келетін мамандықтар бар, ол мамандық студенттері мен магистранттары офлайн түрде оқытылуы шарт. Ал пандемия кезінде дәстүрлі түрде оқыту үшін барлық міндетті сақталуы тиіс шараларды енгізіп тексеру керек, ал ҚазҰУ осы тапсырманы өте жоғары деңгейде орындады!

**Б. БЕКТІБАЙ,**  
*жылуфизика және техникалық физика кафедрасының аға оқытушысы*  
**Н. КАДЫРХАНОВА,**  
*стандарттау және сертификаттау мамандығының 2-курс магистранты*

### ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты

### РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

**Бас редактор:** Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ  
**Тілшілер:** Айнұр АҚЫНБАЕВА, Светлана ӨМІРҒАЛЕЕВА  
**Фототілші:** Марат ЖҮНІСБЕКОВ  
**Корректор:** Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА, Ағила ШУРИЕВА

### МЕКЕНЖАЙЫ:

050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.  
Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 11-94, тікелей: 377-31-48.  
Электронды мекенжай: [kazuniver2016gazeta@gmail.com](mailto:kazuniver2016gazeta@gmail.com)  
Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. АҚ "Алматы-Болашақ" баспаханасында басылды.

Бағасы келісім бойынша. Таралымы 1000 дана

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.